



**Автор:** Shegirova Zhamal Saginowna  
**Пән:** Қазақ тілі (Т1)  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Табиғи құбылыстар  
**Тақырып:** Зат есім

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.5.1 – стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап, түзету; жазба жұмысын қазақ тілінің пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларына сәйкес өз бетінше редакциялау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіріледі. Көптеген оқушылар: тыныс белгілері үйретіледі, жасалу жолдары танытылады. Кейбір оқушылар: топтық, жұптық, жеке жұмыстарды орындайды.
Тілдік мақсаттар:	Лексика мен терменология
Күтілетін нәтиже:	Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіріледі.
Бағалау критерийлері:	Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіріледі.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	«Мәдени мұра» лексикалық ортақ тақырыбы аясында қарастырылады. «Мәдени мұра дегеніміз не?», «Абайдың қара сөздері-ұрпаққа мәңгі мұра», «Мәдени ескерткіштер сыр шертеді», «Мақала жазамын» тақырыптарындағы мәтіндермен жұмыс «Дүниетану», «Музыкамен» пәнаралық байланыста жүзеге асыруды мүмкін етеді.
Бастапқы білім:	Оқушылар алдыңғы сыныптарда көркем шығарма және ғылыми-көпшілік мәтіндермен таныс. Мәтін түрлері мен жанрын ажырата алады. Сөз мағынасымен жұмыс істеуде дереккөздерді дұрыс пайдалана алады. Аудио жазбалары арқылы ойын ауызша және жазбаша жеткізеді.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	) «Сиқырлы қапшық» Қапшыққа салынған саны бірдей қызыл, сары, жасыл шариктер таңдап алуды ұсынамын. Осы түстер бойынша оқушыларды 3 топқа бөлемін: 1-топ: «Мергендер» (қызыл түсті) 2-топ: «Ептілер» (сары түсті) 3-топ: «Жүйріктер» (жасыл түсті) Шаттық шеңбері Дене мүшелерімен амандасу (көзбен, қол алысып, құлақпен, аяқпен амандасу) Мұғалім: — Екі көз не үшін керек? Оқушы: — Жақсыларды көру үшін. Мұғалім: — Екі құлақ не үшін керек? Оқушы: — Ақыл – кеңес тыңдау үшін. Мұғалім: — Екі қол не үшін керек? Оқушы: — Елге көмек беру үшін. Мұғалім: — Екі аяқ не үшін қажет? Оқушы: — Шетте жүрсең, Туған жерге жету үшін Мұғалім: — Ал басың не үшін керек? Оқушы: — Бәрін-бәрін ойлау үшін. Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда)	
Сабақтың ортасы	) Мәтіналды тапсырма: «Еркін жазу» әдісі. Зат есім Жаңа тақырып туралы білетін мәліметтерін жазу. Топта идея алмасып, мәліметтерін толықтыру. Оқулықтағы тапсырмаларды топта, жұпта, жеке орындау.	

<b>Сабақкезеңдері</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ойтолғаныс кезеңі.	
Рефлексия	Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) «Ұстазға хат» кері байланыс.	